



Кенжеғали САҒАДИЕВ
Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ



ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ ӘҢГІМЕ

НЕМЕСЕ

ФАСЫР ТОҒЫСЫНДАҒЫ
СҮХБАТ

Кенжегали САФАДИЕВ
Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ

ЖОЛ
ҮСТІНДЕГІ
ӘҢГІМЕ

НЕМЕСЕ

ФАСЫР ТОҒЫСЫНДАФЫ
СҮХБАТ



GAUHAR

ББК 84 (5Каз)
С 14

Сағадиев К., Сәрсекеев К.
С 14 Жол үстіндегі әңгіме немесе Гасыр тоғысындағы
сұхбат: – Алматы: «GAUHAR» ҒӨРБҚ ЖШС,
1999. – 58 бет.

ISBN 9965-440-12-3

«Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан халқы
үшін басты бағдарлама! Ел Президентінің бұл
Жолдауы – барлық қазақстандықтардың осіпп-
оркешдеуі, қауіпсіздігі жөне әл-ауқатының артуына
арналған маңызды құжат. Ұзақ мерзімге жасалған
осындай пайымдау – муратты болашақ – көп болып
жұмыла іске кіріскеңдеған жүзеге асады.

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаевтың «Қазақстан-2030» дег аталатын
стратегиялық бағдарламасын негізге ала отырып,
әр қазақстандықтың қажырын жаңыш, Жолдауда
корсетілгендей, күн сайын енжаралығымызды
еңсеріп, бойымыздары барша күш-қуатымызды
басты бағыттарға жұмылдыра алсақ мақсат, әне
сол! Ол үшін қазақстандық әр азамат осы илікті
іске өз үлесін қосуы керек. Сондаған үкілі үміт
жүзеге асатын болады.

Оқушы назарына ұсынып отырган бұл басылым
да сол иті мақсаттан туыш отыр. Академик Кенжегали
Сағадиев пеп жазушы Қорабай Сәрсекеевтің бұл
сұхбаты «Егемен Қазақстан» газетінің осы жылғы
17 тамызында (Ықшамдаған түрі) жарық көрғен
еді. Енді осы материалды авторлардың келісімімен
толық нұсқасын жариялада отырмыз. Республика-
мызға есімдері белгілі ғалым мен жазушының бұл
кітапшасына да негізгі арқау болған осы Елбасының
бағдарламасы. Сұхбатта халық тәддіры, ел мұраты,
азамат көлбеті, қоғамдық құрылым, жер туралы
толғаныс мол.

С 4702250204
00(05)-99

© Сағадиев К., Сәрсекеев К., 1999

ISBN 9965-440-12-3

Қоғабай Сәрсекеев: Кенжеке!
Елге бірге барып қайту ойы екеуміздің
де көнілімізде көптен жүргенмен сәті
осы жолы тұсті. Ақ жол үстінде келеміз.
Бағыт – туған жер – Торғай!

Кім-кімге туған жер қымбат! Туған
өнір Торғай бізге аса ыстық! Жарық-
тық шын мәніндегі киелі жер-ay!

Кенжеғали Сағадиев: Оған сөз бар
ма, туған жер – түп қазық, айналып келіп
тұрар мекенің.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұл сапар
менің өмірімдегі ерекше сапар болғалы
тұр. Оның өзіндік мәні бар. Иә, бұл өзі
алпыс жыл бойы іште жүрген сыр еді.
Біздің ұрпақ не көрmedі, есімізді жимай
жатып әкеден қалдық, майданда қаза
тапты. Аталарымыз тағдыры боса-бол-
маса да қыын, тәңкөрістен кейінгі зұлмат
заман құрбандары. Құлақта қалғаны,
менің арғы сартымақ Абыз есімді ба-
bam кезінде домбыра тартқан, қобыз
шалған, өзіне ұсталық, өнер қонған, аузы
дуалы кісі болышты. Одан туған Қосет
адам біткеннің ірісі дейтіндей сүйекті
кісі екен. Қосеттен Жұмабай дүниеге
келеді. Жұмабайдан Бейсенбай, Дүйсе-
кей, Тәкетай, Сәрсекей, Сентай атты ел
арасында «Жұмабайдың бес қасқыры»
атанған ұлдар дүниеге келген. Бейсен-

байдан – Молдамұрат, Дүйсекейден – Айтмағанбет, Тәкетайдан – Әбдірахман, Серікбай, Сәрсекейден – Сәтмағамбет (менің әкем), Жолмағамбет, Құлмағамбет, Жұрмағамбет туады. Бұлардың бәрі бүгінде жоқ, Жолмағамбет (Жолан), Құлмағамбет (Құлет) бертінде елге келіп қайтыс болса, қалғандары соғыста өлді. Осылардың ішінде Сәрсекей түйе палуан, Сентай өгіз палуан атанған кіслер дейді. Көз көрген қариялар осылай айтып отырғанмен мен осы ата-бабам жақан орынды білмей өстім. Бала күнде елемегенмен қазір ауыр. Тие берсінді сырттай айтып, мешітке барып, іштей қол жаю қай мауқынды басады. Осыны көп ойлаушы едім. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз астарында оның тұрағын білуді де меңзейтін тәлім жатса керек. Жалпақ өмірге келген тірі пенде ілгергі қара орман қонысы мен өткен ата-баба зиратын біліп жүрсе – бұл да бір медет. Мына жалған дүниеде өкситін сәт аз ба, сондайда жанынды жануға демеу, ат басын тірер қасиетті мекеніңің болғаны ләзім. Тексізден тектілік шықпайды. Ақыры іздестіре жүріп ата-баба жұртын таптым. Ол Торғайдың Тоқанай жағы екен. Абыз, Қосет, Жұмабай бабаларымның

қорымы сол төңіркте болыш шықты. Бергі аталарымды әжем марқұм «Ақжан» зиратында дейтін, белгі қоятын заман ба ол кез, зиратын нақты көрсете алмаған. Сонымен ыңғайы осы болыш, аруақтар басын қарайту ниетімен, елге жүрерде Алматыдан аталар есімін тасқа қашай жаздырып, көктас ала шықтық. Оның үстіне биылғы жыл Елбасының жарлығымен «Ұрпақтар бірлігі мен сабактастығы» жылды аталды, бәрі үйлесімді.

Кенжегали Сағадиев: Сенің бұл ісің перзенттік әзіз адамгершілікті танытар зор талап. Шыққан текті ұмытпау, ата-баба зиратын қастерлеу – ұрпақтастықтың үзілмес заңы. Кеңес дәуірінде жеті атаны әспеттеу ескіліктің сарқыншагы деп қаралыш, санамызды уланған идеямен тұншықтырган жоқ па. Әлгі:

«Мой адрес не дом и не улица,

Мой адрес Советский Союз» деп әндетеуіміз сол кездің мәнгүрттік ұраны емес пе еді. Ендеشه, бетің қабыл!

Қоғабай Сәрсекеев: Рахмет, Кенжеке! Ниеттің қабыл болуы алладан, асыл мұратты бір мақсат еді, жолымыз әлей болсын!

Кенжегали Сағадиев: Откенге са-

лауат, қалғанға береке деп халық, бекер айтқан ба, бұл ауыл заңдарының ішіндегі ең ірісі. Мениң осы сапарымның да басты мақсаты ауылдастарыммен жүздесіп, өмірден өткен ағайындарымның басына тағзым ету.

Қоғабай Сәрсекеев: Қазір зор науқан басталып кетті, алда Парламент сайлауы келе жатыр, сапарымыздың осыған тұспа тұс келуін қараңызшы, жұрт бізді үміткер екен деп жүрмесін?

Кенжегали Сагадиев: Одан несіне қыystанамыз, жоғарыда айтқанымыздай, ауыл біздің темір қазығымыз, тұған жер – айналып соғып тұrap нүктे. Депутат болғымыз келсе, бақ, сынап көрер ек. Және оны жасырмай айтуға да болар еді, қазір демократия, қысылатын не бар? Бірақ біз ондай мақсатты алдымыздың қойып келе жатқан жоқпыш фой.

Қоғабай Сәрсекеев: Депутаттық демекші, орайы келгенде айта кеткен де абзал. «Малын шығында» депутат болған мынау деген жігіттерді көріп журміз фой, әуелгіде жұртқа уәдені беріп-беріп, өтіп алғасын тіпті өз бағдарламасын ұмытатын, кейін әуелі өз сайлаушыларымен де есептесе бермейтін, Парламент үйін «жайлы орынға» айналдырып

алғандар аз емес. Міне, осындаидан ауыз күйетін кез болды.

Кенжеғали Сағадиев: «Халық, қалаулысы» деген сөзде көп мән жатыр. Депутаттық – науқандық жұмыс емес. Ол жер даурықпалықты көтермейді. Депутаттық аса зор құрметті қызмет, әрі оның жауапкершілігі аса мықты. Біле білген кісіге бұл – тағдыр. Ел аманатын ақтау деген сөз – абыройлы іс. Парламент үйқтап отыратын, қол көтеріп, дауыс беріп қана қайтатын орын емес, ел тағдыры, халық қамы, мемлекет абыройын ойлайтын жер. Депутат болуға үміттенген азамат осыны ойласа ұтады.

Қоғабай Сәрсекеев: Елге беттегеннен-ақ, Сіздің кейіпінізден бір өзгеріс байқалып қалып отыр. Оны біздің Гүлбаршын да, Нарытай жеңгейде, тіпті немерелеріңіз де байқап қапты, жүзініз бірде жадырап, бірде жабырқап кетеді, жадыңызда сан естелік қатталып, көз алдыңыздан өтіп отырау, сірә?

Кенжеғали Сағадиев: Иә, жол ұзақ, кейде еске қай-қайдағы жәй түсіп отырғаны өтірік емес. Көз алдыннан көлденендең ауыл кетпейді. Фылым жолын қуам деп, әлем өркениетімен

тереңірек танысам деп жүріп туған ауылыма келмегелі көп уақыт болыпты. Мен дүниеге келген Құмарал, бала кезімде сұына түсіп, борығын тартқан Шұқырқопа, Шөптікөл, Саға, Ақкөлдер не күйде деймін. Құмарал Ахан (Ахмет Байтұрсынов) туған Сартұбектен бар болғаны үш шақырымдай жер еді. Бұл мекендер қазір «Ақкөл» кеңшарына қарайды. Оның орталығы – Ызбан! Кейбір зерттеушілердің айтудынша біздің еліміздегі ескі, ең көне жер атауларының бірі. Осы ғасырдың басында бұл өңірдің тұрғындары шығыр айдалап, тары өсіріп, мал бағатын. Кейін совет дәуірінде мектептер ашылып, жаңа үйлер салынып, шаруашылық жүйесі техникаландырылып өркениеттің жақсы нышандары да көріне бастап еді. Ал енді ғасыр аяқталып келеді, соңғы жылдары тұрмыс салтын қайта құру қамындасты. Көпшілік біле бермейтін, қыры мен сыры терең, ой-шұқыры көп, қыншылығы да мол жүріп жатқан қайта құру науқаны. Осыған орай ауылдастарымның жайы қалай, тұрмыстары нешік? Тезірек көруге асығып келе жатқаным рас... Откен түнде Қостанайда ұйықтай алмай шықтым. Бала күнгі дәурен,

әл кеуде шақ, ізгілік сапарым ілескен күндер еріксіз еске түседі. Ауылдың бүтінгісі мен келешегі де ойландырмай қоймайды. Тұған елімізде көрнекті тұлға болып өсе білген Бағила Қарындасымыздың елгезек қызметі, ғалым інілерім Сәбит, Карбоз, Иманғали, журналист Байтұрсын мен ақын Серіkbай сияқты бауырларымның ыстық ықыласы көңіл өсірді. Жылылық – ағайын арасында. Байтұрсынның Ахаң жайлыштың оқып шыққанмын – зерделі кітап, Серіkbайдың талантты ақын екенін білуші едім, бұжолғы суырып салма өнері тіптен үнады.

Қоғабай Сәрсекеев: Ақжарқын ауыл жігіттерінің көңілі бөлек қой, талай сыр ақтарылды... Мениң бір бітірген шаруам – Қостанайда орайын тауыш, ақ түрмені көріп шықтым. «37^{ші} – жыл» дейтін әңгіме жазғанымды білесіз, енді сол шығармамды экрандау ойымда жүруші еді, кешегі жазықсыздан жапашегіп, «халық жауы» атанған боздақтар отырған камераларды арағанымда – мал құлағы саңырау – жүрек тітіркенді. Осы ғасырдың басында салынған түрме сол қалпы сақталған көрінеді, іші толы адам, беті аулак, әсте сұсты, әрі суық...

Кенжеғали Сағадиев: Әрине, со-
лай болады, қай заманда да қай өкімет
болмасын үй салмаса да түрме салуды
білген фой, өзің айтып отырған ақ,
түрмеде не бір жайсандардың өмірі
қиылды, сосын да суық, болмағанда
қайтеді?

Қоғабай Сәрсекеев: Мен ің
әңгімемнің бас кейіпкерлері де осы
түрмеде атылыпты. Үкім орындалған
жерді де көрдім...

Кенжеғали Сағадиев: Ондай
күндер өтті фой бастан. Ақ түрмеде
Ахаң да, Жақаң да жатқан... Ахаң жай-
лы естідің, облыс өкімі Өмірзақ Естай-
ұлы Шүкеев – Ахмет Байтұрсыновқа
ескерткіш қою үшін бәйге жариялад-
ты, қоятын орны белгіленген. Қаржы
тауышты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақсы ны-
шан, иғі талап. Эйтсе де бізде сөз бүйда
жетеді. Бұрынғы өткен-кеткен
әкімшілік тұсында да уәде аз болмай-
тын, бәрі жайына қалған. Баяғыда, ке-
ңес дәүірінде Ыбырай Алтынсарин ес-
керткіші, Аманкелді музейінің жоғын
жоқтаймын деп осы Қостанайда
Бородиннің қыспағына түскенмін. Ел
мұқтажын айтқан мені ол шын құғын-
дауга алған. Қазақ аудандарын «соқыр-

шек» санайтын облыс басшысына ел руханияты түк емес екен, жандайшаптары мені Алматыға ұшайын деп тұрғанымда ұшақтан түсіріп алып, кабинетіне әкелгенде «басыңды тұрмеде шірітем» деп, зіркілдегені бар. Қазір уақыт басқа, шукіршілік, әкім ынғайы тәуір, бір көрген кісіге баға беру қыны, сөзі майда, маңайына жайлыш басшы сияқты әсер етті, ісінде нәтиже болса жарады. Әйтсе де Сырбай мен Faфу ақынның атына көше, мектеп есімі беріледі екен деген сөз біраздан бері айтылғанмен әлі шешімі табылмапты. Міржақып Дулатов, Нұржан Наушабаев, Мәриям Хакімжанова, Нұрхан Ахметбеков, Қайнекей Жармағамбетов сияқты дүлдүлдерімізді елі әспеттемегенде кім атайды? Ал енді Ахаң, Жақанды қадірлемеген жұрт қай руханиятимызды түгендейді, гәп сонда. Есті басшы осындайды ойлай жүрсе артық, емес. Бір аңғарғаным, Шүкеев мырза сыртта жүрген халыққа танымал ел азаматтарын біле бермейді-ау деп қалдым. Біліп танысуға ынтасы да жоқ, сияқты. Әне, бұл жақсы емес, зейін қоймау деген жаман, кісі жаңылайын десе оңай, ана жылы Колбин Торғайға барғанда «Жанкелдин деген кім?» деп

сұрапты фой, масқара қылғанда. Сосын осы «КТК» телеарнасы Қостанайдың үстінен түспейді. Бірде орталық универмагын, бірде базарын және бірде басқа объектісін әлде біреуге сатып жіберіпті деп жатады. Осыған қала, облыс әкімдері неге жол береді? Алушылар кім, сатушылар кім? Түбінде сан соғыш қалмайық.

Кенжегали Сагадиев: Бұрыннан байқайтынын, Өмірзақтың жібі түзу жігіт. Біраз жауапты жұмыста жүріп ысылған азамат. Экім әңгімесінде объективті себеп айтты, ескерткіш қою оңай шаруа емес. Алдымен Ахан сияқты ұлы тұлғаның кейпі дұрыс сомдалуы керек. Сондықтан әкімнің жақсы мүсінші ізден отырғаны – істің жігін білгендігі. Ал, ішкі шаруада, интелект тұрғысында ойласар мәселе аз болмаса керек. Сырт көзге бәрі айқын көрінеді.

Қоғабай Сәрсекеев: Әулиекөлге де жеттік.

Кенжегали Сагадиев: Бұл менің орта мектепті бітіріп, гылым-білімге жолдама алған жерім. Енді Қояндыагашқа бұрылайық. Мұнда менің әке-шешем жатыр. Біздің өuletтің бір тармағы осында ертеректе келіп қоныстанған. Өзің білесің, біз Аманжолдан та-

раймыз. Оның Әлімбет, Бейімбет, Шақшақ атты үш ұлы болған. Соның Әлімбетіміз. Әкем марқұм елуінші жылдардың басында, шешем бертін дүние салған. Анамның тамын осы Нағытай жеңгең бала-шагамен кеп өзі көтерді, мен ол кезде аспирантурада оқуда болатынмын.

Қоғабай Сәрсекеев: Ахмет Байтұрсыновпен бір ауылдансыздар, жақындастықтарыңыз бар ма?

Кенжегали Сағадиев: Тұп ата бір. Бәріміз Аманжол бабадан өрбісек, бертін бөлінгенде Ахаң Үмбетей, Үмбетейдің Аралбайы, оның ішінде Таңбайына жатады. Таңбайдан Шошак, Шошактан Ақтас, Ақтастан Байтұрсын, Байтұрсыннан Ахмет... Үмбетей мен Әлімбет қатар отырган ел!

Төсекте жаны бір, төскейде малы бір, арғы тарихы қөмескі болғанмен соңғы екі-үш ғасыр бойы жер-суы ортақ, барынша аралас-құралас болған ел. Жаңа біздің руымыз Әлімбет дедім. Сол ба-бамыздан Құттықадам, одан – Шеген, Шегеннен Өтеміс, Медет туады. Өтемістен Өтеғұл, одан Жұмағұл, Тыныштықбай, Бозым туады. Жұмағұлдан – Үібырай, Тыныштықбайдан – Сағади (менің әкем), Сәбит, Бозымнан

Төрежан туады. Бұлар менің жеті үрпақтағы аталарым. Барлығы да жаңа өзім айтқан Ызбанды, Ақкөл жағасында өмір сүрген. Үмбетей атаның үрпақтарымен осы өңірдің көптеген қопала-ры мен қарасуларын бірге жайлаған, бір-біріне қыз беріп, қыз алысқан. Мысалы, Ыбырай атамның бәйбішесі Балқия Шошақтың баласы Сабалақтың қызы, әкемнің қарындасты Бимаржан (Қожак) Байтұрсынның әкесі Ақтас ауылдың келіні болған, одан тараған үрпақ көп. Осындай қан араласымыздың тығыздығынан Әлімбет пен Үмбетей үрпақтары бір-бірімен жиен-нағашы немесе нағашы-жиен болып біте қайнасып кеткен. Соңдықтан да қадірлі Ахаңмен біздің тек қана ортақ ауылмызғана емес, қан араласымыз да бар дер едім.

Қоғабай Сәрсекеев: Бір кездегі, Қояндығаштағы қалың ауыл жоқ, боп шықты, жұртығана қалған. Кеңес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетов ауылы енді елсіз. Иә, бұл да бір тарихи жер еді. Басықара баласы Қанапия өмір сүрген өңір еді рой бұл жер. Неге бұлай деген сұрақтар көнілді мазалай береді... Осы атыраптың табиғаты-ай — жағалай көл, шоқ-шоқ, тал, қалың қарагай, ақ

балтыр қайың мұңая қарауытады.
Құмдауық өлкенің биші селеулері, көк
майса бидайық, белуардан. Осы жер-
ден не су шықты екен? Бұдан артық
жер жанаты болар ма!? Ошарыла
көшетін не рет бар? Ұзамай жол
үстіндегі үлкен қорымға аялдап,
Кенжеkeңнің әке-шешесінің басында
құран оқылды. Тиши ұйықтасын ару-
ақтар! Әулиекөлдің орталығында аудан-
ның 70 жылдығы тойланыш жатыр екен,
тоқтап, дәм ауыз тидік. Ұзамай Науы-
рызымға жеттік-ау. Мұнда
Кенжеkeңнің туған ағасы Нұғаннның от-
басы, бала-шағасы тұрады, мәре-сәре
боляш, өмірден өткен ағаның орнына
дүға оқып, ертесіне Торғайға бет
түзедік.

Кенжеғали Сағадиев: Қостанай-
дан шыққалы жауын. Бұл өңірде биыл
жауын көп жауышты, соған орай жол
бойы көкорай шалғын. Бұрынғы егінді
алқаптарды шөп басқан. Қайран дала,
егінді өңір сұлық жатыр. Бұл көрініс
шымбайыңа батады.

Қоғабай Сәрсекеев: Жол деген
де аты жол, әсіресе Науырызымнан
кейін ойқы-шойқы, ойылып біткен.
Осылай қараусыз қала берсе (бұл жал-
пы Республика көлеміндегі жол біткенге

қатысты) сірә, қатынас қындаі түсер ау... Алматыдан шыққалы жолдың не бірін көріп келеміз. Балқаш тұсында жақсы жол түсіп жатқанын көріп сүйсіндік.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай қылтиған сайын жүрек лүп-лүп соғады. Сырт лақабы қандай – ой, Торғай халқы босып, көшіп жатыр екен, тіпті елде аштыққа бой алдыргандар кездеседі дегенді естисің...

Қоғабай Сәрсекеев: Бұгінде қыншылық қай жерде жоқ. Біздің елде де соның нышаны бар екені рас. Дәл қазіргідей өтпелі кезеңдегі қыншылыққа Торғай да ұшырап отыр. Әуелден «алыс аудан» саналатын біздің ел проблемасы аз ба еді. Алдымен айтрымыз, Торғай қашаннан «желдің өтінде, жердің шетіндегі» өңір ғой. Табиғаты әсте қатты. Қысы қытымыр, жазы қапырықты бұл аймақ заманның түзу кезінде де «шаруашылығы ауыр аудан» саналатын. Не құқай басынан өтпеген. Бір жылы ұт, бір жылы жұт болып келетін бұл аймақ басынан не өтпеді. Бір гажабы, қайыспайтын жұрт. Мұны басқа емес біз білеміз.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай халқының өжет мінезін бала күнімізден

жадымызға түйіп өстік емес пе. Откенін айтсақ «қазақтың Петрограды» саналған өңір болғандығы, азаматтарынан Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) мен Жақаң (Мыржақыш Дулатов) дүниеге келген қасиетті өлке екенін айтайық. Тәлекекке төзбей ақ патша әміріне қарсы тұрған өлке, қолымен төңкеріс жасаған алғашқы аймақ та осы Торғай. Ахаң мен Жақаңның еңбегін білесің – төу реформаторлар – ұлт мақтаныштары.

Қоғабай Сәрсекеев: Біз осы са-парда Қостанай, Арқалық қалаларында болдық, Әулиекөл, Науырызым аудандарын араладық. Ел ажары қандай деп ойлайсыз?

Кенжеғали Сагадиев: Қыншылығы мол кез фой. Елдің реңінде де осы қыншылықтың іздері бар сияқты. Дегенмен қопандаған ел жоқ, бәрі де әл-қадірінше тырбануда. Бұрынғы дәстүрмен қол қусырып, үкіметке иек артып отырғандар бар. Ал көшшілік нарық заңдарына, жолдарына икемделген нышаны көрінеді. Осыған шүкір дейміз. Бірақ мына тығырықтан шығу үшін әлі қаншама қажыр қайрат жүмсау керек...

Қоғабай Сәрсекеев: Дұрыс айтасыз, шешілер мәселе көп сияқты.

Мәселен, Қостанай қаласының келбетінде мол ілгерілеу байқалса, Арқалық қаласының келеті сын көтермейді. Әуелдегі көз тартатын гимараттар аңғал-санғал, қирап бітіпті, есік-терезелері үңірейіп, талан-таражга түскен. Неге бұлай? Бір кездегі ғажап қонақ үйлер қаңырап тұр, әуе жайға ұшақтар қонбайды, жол тозған. Көшелерде жарық жоқ. Міне, осыған кім кінәлі? Әулиекөл, Науырызым аудандағының орталықтары да кетік-тесік. Төңіректеріндегі елді мекендер басқа жаққа қоныстанған. Сыртқа «жылы орын» ізден кеткен «көшпендейлер» соңына өрт салып кеткендей, соңда осыған неге жол берілген, әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмағаны несі?

Кенжегали Сағадиев: Болмаған деу қате пікір. Болды. Басы Ел басы болып айтпайды емес – айтады. Мұны жергілікті басшылық та назардан қалдырған емес. Бірақ бұндай үлкен іске біздің дайындығымыз болған жоқ, оны жобалау, үйымдастыру, бақылау жұмыстарында да өкімет тарапынан тиянақты шаралар аз болды. Ал енді үлкен бір себеп, гәп басқада. Бәрі «социалистік меншік» дейтін ескі көзқарасқа келіп соғады. Мұндай көзқарас қалыптасқан

елде мәнді тірлік бола бермейді және мұнда психологиялық астар да жатыр. Өткен жетпіс жыл бойы «жарқын болашақ» идеясымен тәрбиеленген адам бұлай жасамағанда қайтеді? Уланған сана — мас көңіл, аквариумда өскен ба-лық айдын барын қайдан білсін!

Қоғабай Сәрсекеев: Енді қалай түзелеміз?

Кенжеғали Сагадиев: Түзелудің жолы дейтіндей барша халықтарра бірдей теорема жоқ. Әр халық, өз ерекшеліктерін, өз мүмкіншіліктерін еске ала отырып өркениет жолын таңдайды. Өйткені өз болмысыңа үңілмей, өз елінде қалыптасқан өмір заңдарын ескермей өткелден өтуге болмайды. Біз көп жылдар соқыр сенім мен надандық түнегін, қайыршылық пен жоқшылықты, бейнет пен қыншылықты басымыздан өткізген халықпаз. Осының арқасында жігеріміз құм болып, намысымыз шайырланды. Адасуларымыз аз болды ма! Ахаң осы реттен «Қазақ жоқшы, жоғын іздеген құғышы» деп жар салды. Соңда неге? Бақсақ, барды үлгертуге шорқақ екенбіз, қолдан шығып кеткенде ұраншылмыз. Көп дәлел айтпай-ақ қояйын, дегенмен әлгі Арқалықтағы ғимараттарды сырт-

тан келіп біреу қиаратқан жок, бәрі ке-
ренеу салғырттықтың салдары, ұлттық
меншік сипатының қалыштаспағанынан
көруіміз керек. Әрине үкімет тарапы-
нан пәрменді шаралар аз болды, деген-
мен бәрін мемлекетке арта салу, басқа-
ға аудару дұрыс емес. Жеке жауапкер-
шілік, тұтынып отырған дүниенде, өмір
сүрген ортаңа өз затындағы қарамау
«немкеттілікке» әкеп соқтырады.
Өркениетті еш елде мұндай өрескел іс
кездестейді, кездесе қалса оған бүкіл ел,
халық болып күреседі. Міне, биік сана-
лылық деген осындағы кезде аса қажет.

Қоғабай Сәрсекеев: Демек, сана-
ны өзгертетіндей шара – заң керек қой.

Кенжеғали Сағадиев: Әрине, өрке-
ниетке баратын жолдардың тиімді заң-
дарын қабылдау да, оны баршамыз бо-
лып мұлтіксіз орындау да қажет. Ҳұқық-
тық, қоғам (правовое государство) деген ұғым осындағы қажеттіліктен туады.
Дегенмен сана – заңға қарамайды,
қабылдауы қыын, бұл – ішкі иірім, ада-
ми қасиет белгісі. Сондықтан сана
структурасын қайта қалыштастырмасақ
болмайды. Социалистік сана – өткен
ұғым. Осыны неғұрлым тезірек ұқсак
жылдамырақ жылжимыз. Рас, бұған да
уақыт керек. Ілгері озудың қажеттілігі

күн өткен сайын тіптен анық аңгарылыш отыр. Соңдықтан да жаңадан ой жүйесін қалыптастыру, сананы шыңдау мектептердің, жоғарғы оқу орындарының, руханиятқа қызмет ететін барлық үлкендердің көмекшілеріндең, басқару жүйелерінің осы замандағы басты бір міндеті дер едім.

Қоғабай Сәрсекеев: Мұндай тәжірибелі үйренетін озық елдер жеткілікті-ақ. Көрші қытай елінде қаншама үрдіс қадам бар, басқа көшелі мемлекеттер тәжрибесі ше? Мысалы жапондықтар: жаңаны қабылдау үшін ескіні жою шарт емес, дейді еken. Бізде бәрі басқаша. Әжептәуір қалыптастасқан құрылыммыздың бар еді, құртып алдық. Қазіргі өкінішіміздің басы кешегі мемлекет меншігін жекешелендіруден басталыш жүрмесін. Қате кетсе осы тұстан іздеу керек шығар.

Кенжеғали Сағадиев: Ойың тұсінікті. Біз ұрандасып идеология жасаған жоқтыз. Мәжіліс жасап ана бір деген қоғам да құрғанымыз жоқ. Жалпы бағыт дұрыс болғанымен қоғам жылжуын жүзеге асыру барысында олқылықтар жібергенімізді жасыра алмаймыз. Бұл өзі аса қыын процесс еді, реформа дегеніңіз реформа жасау үшін

жасалмайды рой. Мұның баспалдағы көп болатын тегі бұған аса мән беріп жатпадық. Ел басы бақайлаған басқыштарды елемей, жанталаса мемлекет мүлкін бөлістік. Міне, мұнымыз қателік еді. Ал, осындай қателіктер бізде аз болды ма? Әріге бармай-ақ, кешегі төңкеріс кезін еске алайықшы, кедейлікті көрсеткіш көрдік, қаншама асыра сілтеушілік болды. Өзін қойып өзгені асырап отырған жанды бай-кулак дедік, конфескіге түсті. Серіктестік, колхоздасу тұсында нешеме қателіктерге ұрындық. Нәтижесі белгілі, аты шұлы нәубет – ашаршылық бастан өтті. Жә, оны өткен заман делік, қызылдар саясатына саялық, ал бүтін ше? Мұнда да білместіктер, тусінбеушіліктерге жол берілді. Мемлекет меншігін жекешелендіру аса жауапты іс-тұғын. Асыра-аптығудың қажеті жоқ, жерде үлес бөлістік. Әсіресе ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы кең қанат жайған өңірде бұл жұмыс шұғыл жүрді. Қорытындысында қара халық, ұтылыс тапты. Пайданы басқару жағында жүрген шенеуніктер көрді, жымқырып қалудың көкесін тұтқа ұстағандар танытты. Жер бөліс, техниканы үлестіру, малды тарату дегенің күлкілі жайға жетті. Әлгі «Байжан шама» де-

гендей, көз жоба – қол шамамен кеттік. Ақыры мемлекет қазынасы, халықтық меншік талан-таражға түсті. Колхозсовхоз айдың аманында, төрт көз түгелде қолды болды. Біреу келісін, біреу келсабын ала қашты. Нағыз ақ сирақ, боп қалдық деген осы, енді тігерге тұяқ, бар ма? Ауылдағы мыңғырған мал қайда. Әлгінде «құрылым» жайлы айтып жатырсың, елді мекендерде бас біріктіріп отырған жұрт енді қайтпек еді – ыдырап сала берді. Жұмыссыздық, та осы тұста бой көрсетті, жерін тастап көшу деген осы кезеңде басталды. Жалпылай айтқанда, осындай тығыз асығу-аптығу шараларын мен нарықтық романтика, қалыптасқан шаруашылық жүйесін революциялық әдістермен қайта құру әрекеті дер едім. Ал бүкіл дүние жүзі халықтарының тәжрибесіне сүйенгенде революциялық жолмен шаруашылық жүйесін қайта құру еш елге де береке әкеlegen жоқ. Қалыптасқан жүйені өзгертудің жолы эволюция, біртінде, баспалдақтап оның әрбір тетігін өзгерте, жаңарта беру. Басқаша айтқанда экономикадағы өзгерістер жорғаның жүрісіндей болура тиіс – бұрынғы жиган-тергеніңді шашпайтәкпей, жаңа қырқаға шығара беру.

Бұны данышпан Ахаң ғасыр басында айтқан, және жан-жақты дәлелдеген. Өкінішке орай біздің рухани көсеміздің осы өсиеті де дер кезінде есімізде болмады.

Қоғабай Сәрсекеев: Жанкелдин ауданында бір кездे 28-30 мыңдай халық тұрган екен, бүтінде 20 мыңдай ғана халық қалыпты, бұл ненің салдары?

Кенжегали Сағадиев: Мұның жауабын мен жоғарыда айттым. Тұрмыс түзелмей тұрақтылық болмайды. Елге жұмыс керек. Жұмыс болғанда тұрақты жұмыс орны керек. Қопаңдаған кісіде дұрыс үйқы бола ма?

Қоғабай Сәрсекеев: Рас айтасыз, елдің көбі жұмыссыз, әсіресе ер азamatтар – жастар бос, қыз-келіншек – әйелдер жағы базарға шығып кеткен, бұл жасырын емес, бәр жерде осында...

Кенжегали Сағадиев: Бұлай деу аз. Бүйте берсек күнкөріс мұлде қындейдьы. Бұл жалғыз Жанкелдин ауданының жұртшылығына ғана тән емес, барша Қазақстанға ортақ көрініс. Жалғыз базар күнделікті тірліктің қай қажетін өтер? Біріңгай саудамен алысқа бара алмайды. Ел болуға ұмтылатын халық мұны мұрат тұттайды. Дегенмен сауда да кәсіптің бір түрі ғой.

Ал енді ешқандай қөсібі, жұмысы жоқ, екі қолын қалтасына салып, босқа сенделіп жүргендерді айтсаңшы. Бұларды қалада, әсіресе ауылда көп кездестіресің. Және де осындаі жұмыссыздық жылдан-жылға етек жайып барады. Жұмысы жоқ, қолы бос жан ұрыншақ келеді, оның рухы төмендей береді. Соңықтан да халықты жұмысқа, еңбекке жұмылдыру жолдарын іздестіруіміз керек.

Қоғабай Сәрсекеев: Ол қай жол?

Кенжеғали Сағадиев: Бұл жолдар ақпарат бетінде де, әр түрлі мінбелерде де, немесе кейбір бағдарламада да айтылып жүр. Алдымен бар мүмкіншілікті пайдаланып қазіргі тоқтап тұрған өндіріс орындарын іске қосуымыз керек. Олар жұмыс істемей халыққа керекті жұмыс орындары да болмайды, еліміздің экономикасы да өркен демейді. Бұл хақ. Сонымен қатар шағын кәсіпкерлікті үкімет тарапынан да, жалпы қорам тарапынан да бұдан да пәрменді, тиянақты қолдауымыз керек. Осындаі кәсіпкерлікті қолдаудың әзірше айқайы көп, нәтижесі аз. Өз басым оларға несие беріп, қолдауга қаражат жоқ дегенге сенбеймін. Қаражат бар, олар көптеген банкілерде, банкіге

сенбеген елдің қалтасында. Керекті тетігін тауыш осыларды жалпы ұлттық мұддеге пайдалана білуіміз керек.

Ал енді тұрақты жұмысты таба алмағандарды уақытша болса да еңбекке жұмылдырудың да жолдары бар. Кейбір елдердің озық тәжрибесіне жүгінсек, мысалы, 1931-1933 жылдары АҚШ-та болған үлкен күйзеліс кезінде жалпылай жұмыссыздық етек алған. Осыған шара ретінде Президент Ф. Рузвельт қоғамдық жұмыстардың бағдарламасын жасаған (программа общественных работ), соның негізінде жұмыссыздардың басын қосып күнделікті тамағын тауыш беріп, оларға жол салдырған, ағаш ектірген. Қазақстанда да осындай бағдарламалар, жұмыссыздыққа қарсы қомақты шаралар қолдануға болады және оның уақыты да жетті. Рас, кедергілер кездесер.

Қоғабай Сәрсекеев: Ол қандай кедергі?

Кенжеғали Сағадиев: Кедергі дегенің жетеді. Кедергіге тосқауыл қою үшін басқару жүйесін жетілдірмесе болмайды. Іс-қараз жүргізуде бюрократтық кіріптарлықтан арылуымыз керек. Ал енді сыйайлас жемқорлық деген біздің елде ойық іспеттес болып

кеткен, жақындағанды өз түбіне тартады да кетеді. Ел басы осы қауышты дер кезінде көре білді, соған күрес ашты. Бұны біз баршамыз болып қолдауымыз керек. Бұл бізге ауадай қажет. Сонда ғана іс оң шешімін табады. Қазақта «ісім өнсін десең ретін тап» дейтін мақал бар. Ретін тапқан озады. Әңгіме Торғай төңірегінде болғасын осы өнірге оралайықшы. Откенде ауданың жаңа әкімі Файсин Жақсылықпен әңгімелестім. Аузын ашса көмекейі көрінетін осы бір жігіттің елдік мінезі үнады. Жыл толыпты қолына биліктің көшкеніне. Жоспары тәп-тәуір. «Тұған жер – алтын бесігім» деп жұмысқа кіріскен ол аудан экономикасының, әлеуметтік саласының тығырыққа тірелген тұсында ел тізгінін ұстаганына өкініп отырған жок, қайта әкімдік таққа отыруды өзінің сыналар сөті, тұған жерге деген перзенттік борышын өтеудің, қызымет көрсетудің көрініс берер тұсы деп қарайтынын жасырмады. Үміт оты үлгірткендерге маздайды. «Күдай салды, біз көндік», баяғы «Жанкелдин ауданы кезінде республика бойынша жедел көмек көрсетілмекші болған әлеуметтік-экономикалық жағынан кенжелеп қалған 30 ауданың бірі» деп

қарап отырганнан не өнеді? Бұған ауданың экологиясын қосыңыз. Мына жағы Байқоңыр, бір жағы Арал, бір беткейде Ырғызбен жалғасып Ембі полигоны үштасып жатыр. Осында табиғат қыспағындағы Торғай аңы жаңбыр мен тұзды қар өтіндегі ерекше өнір. Енде-ше, істің қыбын тапсын!

Қоғабай Сәрсекеев: Жылағанға көз жасы табылады. Әлгі сіз еске салған құжат – әлеуметтік-экономикалық, жағынан кенжелеп қалған 30 ауданың мұнмұқтажы қағаз жүзінде қалған өлі құжат еді рой, ол үкімет қазір жоқ. Ал мәселе, сол мәселе – проблема күйінде қалды. Мұны ыждағаттаған кім бар? Әлгінде шағын қәсіпорын ашу төңірегінде әңгіме сабакталып келе жатқан.

Кенжегали Сагадиев: Иә, сол қәсіпорындарды осы Торғайда көптең ашуға болады. Мұны аудан әкімі Файсин де қуаттайты, қуаттап қоймай, қолға алып жатыр. Торғайда үқсата білгенге жұмыс та, кәсіп те, өндіріске қажетті зат та табылады. Бір ғана мысал. Алпыс екі салалы Торғай өзені мен сүзы мол Жыланшық, Қоңыраулы, Өлкейік, Қабырға, Қарақұдық, Өтеген өзендерінің, Аққол, Жаркөл, Қарасор, Ұзынсор, Татыр, Алакөл, Шұқыр, Шу-

ақбай, Көлбике, Аралбай, Майқыарал, Ойшүмекті, Қыршүмекті, Тармақ, Ахмадия, Құмкәл, Айнакәл, Насбайкәл, Шұбалаң көлдерінің тайдай тулаған ақбалығы, қылағай, шортан, алабұға, шабақтары, сапалы сазан балықтары тұрганда бұл елдің несібесі төмендеп, ырысы ортауы мүмкін емес.

Қоғабай Сәрсекеев: Ендеше неге осы шаруашылықты қолға алмайды, су ішінде отырып сусап, ең байлықтың ортасында жүріп жүдейтініміз қалай?

Кенжегали Сагадиев: Бәрі бейімделмеуден. Ағайындарымыз құнды ұсынысқа қолдау көрсете бермейді, не әліптің артын бағып тыныш отыр. Балық аулауға ау, қармақ, жытпа, қайық, басқа да жабдықтар қажет қой, осыны істеуден қашады, не еріншек. Өзен жағалығының өзегі талмас дейтін қариданы түсінсе енді-енді түсінген жайлары бар-ау, шамасы. Естимін, Ақкөлдің бойына үйлерін тігіп, қазық қаға бастағты. Ақкөл мен Байтұрсынов ауылдық округінің тұрғындары бұл күнде балықшылық, кәсіпке шындалп бет бұрган көрінеді. Айт-айт, әлі жеке-жеке тырбанын сияқты. Біріккен серіктестік, кооперативтік кәсіпорын жоқтың қасы – асса отбасылық бригада

төңірегіндегі ұжымдық, дейді. Мұндай тірлікте береке бола бермейді. Ал ұйымдық, ұжым құрылса тек қана Аққөлден жылына 1000 тонна балық аулап, сатуға болады екен. Осыны есептеп көрген экономистер бұлай жасағанда аудан бюджетіне 15 миллиондай ақша түсетінін айтады. Бұл пайда ма – пайда!

Қоғабай Сәрсекеев: Енді осыны неге тездетпейді?

Кенжеғали Сағадиев: Әлгінде мен балық аулауга ау, қармақ, жытпа, сүзекі, қайық, сияқты жабдықтар керек деп қалдым. Ал, осының бәрін кез келген кісі жасай бермейді, адамның бәрі бірдей бес аспап емес. Соңдықтан бұған шеберхана керек. Бізде қазір ине сабактайтын ұргашы, шеге қағатын ерекек бар ма? Социализм кержалқаулықта үйретті. Демек, осы балық, шаруашылығына қажетті құрал-жабдықты жасайтын мамандырылған цехтар, осы заманға озық техникамен, тоңазытқыштармен жабдықталған шағын заводтар қажет. Қынсынбай мұны көл жағасында, немесе Торғай мен Қостанайдан ашса өндірістің өркендеуіне жол ашылады. Әрі бұл сауда, балық, өңдеу, менеджерлік, маркетингтік қызметке де оңай. Облыс көлемінде қаншама өзен-

көл бар – осының бәрі бір арнада, бір бағытта жүйелі жұмыс істесе ауыл, аудан, облыс үшін тиімді іс болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұған мамандар керек қой.

Кенжеғали Сағадиев: Мамандар дегенің дұрыс, қай салада да білікті маман болмаса, басқару жүйесі ғылыми негізде жүргізілмесе іс онға баспайды. Қатып қалған стереотивтен қашу керек. Астанадағы, Алматыдағы, Қостанайдағы және басқа қалалардағы аграрлық ауыл шаруашылығы университеттерінде балық шаруашылығы, оның технологтарын, инженерлерін даярлайтын факультеттер ашқан жән.

Қоғабай Сәрсекеев: Университет, академиялардағы оқу мерзімі ұзак, емес не?

Кенжеғали Сағадиев: Бұған бір сөзбен жауап беру қыын. Академиялық оқу жүйесі бар, сосын ілім-білім деген желаяқтар жарысатын алаң, не ол алатын қашықтық емес. Университет, институт аудиториясындағы дәріс оқутоқудың кестесі – сафатына байланысты, яғни зерделік процесс. Мұны игермейінше толыққанды маман даярлау асығыстық, былайша айтқанда ат үсті, шалағайлық болады. Рас, оқу

жүйесін салалай, сапасын арттыра, тығыздай түссе, бұғінгідей компьютер заманына лайықтасақ ойласатын шаруа жоқ емес. Сөйтіп барып оқу мерзімін қысқартуға болады. Қысқа мерзімді фермерлер, кәсіпкерлер мектебін де ашуға болады. Бір сөзben айтқанда бізге нарық заманына сәйкес білім, маман керек. Нарық дегенің сайыс, жеңісі – білікті мен білімдінің қолында. Сондықтан да емес пе, өте жақсы дамыған елдерде үлкенді де, кішіні де оқытатын, оларға кәсіби мамандық беретін оқу жүйелері қалыптасқан, барынша дамыған. Социализмді жамандауымыз орынды, бірақ халыққа білім беруде атқарған игілігі көп. Әсіресе тәңкерістің алғашқы жылдарында кәрі-жасты партага отырғызып, жаңа дәуірге сәйкес сауатын ашпап па еді! Тек қана рабфактың халықтың жаңа кәсіпке бейімделуіне тигізген пайдасы қандай! Ал енді баршамызды нарық жүйесіне жетелейтін, халықты кәсіби сауаттандыратын осындау ауқымды шаралар бізге қазір керек ақ. Өйткені дайындығы жоқ шаруа қожалықтары болсын, білімі жоқ кәсіпкер болсын мынау нарық заманында көп нәтижеге жете алмайды. Жаңа әдіспен

істеймін десең алдымен нарықтың сыры мен тәсілдерін тереңірек оқы, тоқы дер едім замандастарыма.

Қоғабай Сәрсекеев: Менің айтпағым ірі, кіші диплом дегендей, жоғарғы, орта мамандық төңірегінде еді, бізде осы кәсіптік- техникалық училищелер неге жабылып қалды? Әлгіндеңідей шағын кәсіпорындарда жұмыс істейу үшін міндетті түрде жоғарғы оқу орнының дипломы қажет пе?

Кенжеғали Сағадиев: Қазір жастарымыздың көбі бос жүр дейміз. Олардың бәрінің бүтінгідей қын кезенде жоғарғы оқу орнында оқи беруге мүмкіндіктері келмейді. Бәрі қаржыға байланысты. Ендеши ауылды жерлерде училищелер, мамандандырылған колледждер, жетілдірілген мектептер ашсақ болашақ қамын ойлағандық болар еді. Осыған көп қаражат та керек емес, және оның табылатын ыңғайы да бар. Басқасын қойғанда қазіргі жалпылай жұмыссыздықпен күресудің де бір жолы болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Көп болып қолға алатын шаруа екен.

Кенжеғали Сағадиев: Оны әр институт, университет сияқты оқу орындарының филиалы ретінде ұстай

керек, үлгі-тірек шаруашылығы сияқты база қалыптастырысқа тоқайласады.

Қоғабай Сәрсекеев: Мұндай тәжірибе өзіңіз басқарып отырған Алматы аграрлық университетінде бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Мен мұны тек қана ұсыныс ретінде айтып отырған жоқпын. Үш жыл бұрын біздің университеттің құрамында фермерлердің (шаруа қожалықтардың) мектебі ашылды, 4 облыста фермерлерге дәріс беріп жүрміз, жергілікті жерлерде филиалдарымыз бар. Үш жылдың ішінде 1,5 мыңға жуық шаруашылық қожалары, ауылда істейтін көсішкелер осы мектептен дәріс алды. Біз оларды нарық жүйесінде өзіне тиімді кәсіп жасауға, кәсіптің бизнес-жоспарын жасауға, егін мен мал шаруашылығының тиімді, жаңа технологияларына, өндірілген өнімді тиімді үлгерту, сату тәсілдеріне үйретеміз. Оқушылардың айтуынша осындай оқу пайдалы, көп нәрсеге көздерін ашады. Кейбір жерлерде мектеп жұмысы жергілікті кәсіптік-техникалық училищелер негізінде өтіп жатыр. Бұл үшін үкіметке алақан жаюдың да керегі жоқ. Іздегенге қаржы табылатын көрінеді. Осындай іске осы салаға қатысы бар министрліктер,

оку орындары, жергілікті әкімшіліктер мұрындық болса іс онға басар еді. Осылай жасасақ Торғайдағы жабылып қалған кәсіби-техникалық және қол өнер училищелерінің жұмыстарын да жаңғыртуға болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақсы-ақ, иті істі қолдай білсек орайы келген жұмыс болғалы-ақ түр, осы ретте және бір әңгімені тірілтейін. Сіз дүниеге келген өңір – «Ақкөл» кеңшарында сапалы ас тұзы табылғаны көптен айтылып жур. Қоры мұлдем мол дейді. Осы жайында не айтар едіңіз?

Кенжеғали Сағадиев: Рас сөз. Жаман – Ақкөлдің тұзы әбден шіскен, жетілген, қазірдің өзінде ешқандай өндеусіз ас тұз ретінде пайдаланура болатынын ғалымдар анықтады. Ақкөлдің тұзы бір аудан, бір облыс емес, Республика, қалды сыртқа экспорттауға жетеді. Бұған мен құжаттарды оқып, танысқанымда көз жеткіздім. Қазірдің өзінде бұған қызыға қараушылар көп. Бизнес-жоспар жасаған Серік Ералиннің болжауынша Арқалық, Қостанай қалаларының өкілдерінен өзге – сырт жақтан да қолдау табылып отырған көрінеді. Бұған Орал өнірі, Украина жағы, ішкі Ресей, тіпті Москва қала-

ларының сұраныс білдіруі дәлел.

Қоғабай Сәрсекеев: Демек, бұл кәсіпорынды жылдам іске қосу керек-ау.

Кенжеғали Сагадиев: Қаржы-қаражатсыз жылжу қын. Мәселені кешеуілдете беруге әсте болмайды. Осыны айтып жергілікті түрғындар да, ауыл, аудан басшылығы да қиналып жүр. Жауапкершілігі шектеулі «Ералин және К» бірлестігі осы қалай деген банктерді жағалап шығышты, біздегі қалыштасқан банктің бюрократтық, бұралаң жолы дайын істі қолдамай отыrsa керек. Сондықтан мұндай кәсіпорын үшін облыс әкімшілігі тарапынан үрдіс шешім қабылданса рой. Сонда ғана «Аққөл» астүз заводын өмірге әкелуге болады. Осы ретте айтарым – ауылға инвестиция қажет. Қаржы жоқ деген сылтау ғана. Тиянақты іздесек осындай шағын өндірістерді жандандыруға қаражат елімізден табылады. Тек әкімет пен облыс тарапынан бар мүмкіншіліктерді осы арнаға бейімдеген жөн.

Қоғабай Сәрсекеев: Осыған сабактас мәселенің бірі Торғай – Қарабұтақ, трассасы. Бұл жол ел экономикасы үшін де стратегиялық мәні бар жол екен. Ақтөбе – Атырау – Маңғыстау – Орал жаңа Астанамен тікелей қатына-

са алады. Төте жол!

Кенжегали Сагадиев: Небәрі 220 шақырым тас жол салсақ, Астана мен Орталық Қазақстанның өзіміздің батыс облыстарымызбен ара қатынасы 900 ден 1200 шақырымға қысқарады екен. Бұл біз үшін өте тиімді емес пе! Ақтауда халықаралық теңіз порты салынып жатыр. Елге келетін жүктің үлкен бөлімі теңізбен осы портқа келеді. Ал енді оны қысқа жолмен орталыққа тасысақ бұл өте тиімді болар еді. Осында жолдың тағы бір үлкен пайдасы Торғай өніріндегі тұрғындарға қосымша жұмыс орнын ашу мүмкіндігінде және де осы бір шетте жатқан өлкен Қазақстан экономикасымен тығыз байланыстыруында. Осында жол салу мәселесі шешімін табар уақыт жеткен сияқты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақында бір қуанышты хабар тарады. Көптен күткен арман: Қызылорда – Жезқазған – Арқалық темір жолы салынады екен. Бұл дегеніңіз, онғустік пен солтустіктің байланысын бірден 800 шақырымға қысқартады деген сөз рой. Әттең осы жобаға сәл өзгеріс енгізсе, деген тілек.

Кенжегали Сагадиев: Ол қандай өзгеріс?

Қоғабай Сәрсекеев: Мәселен, осы темір жолды Арқалықтан Торғайға дейін созса, Торғайға Арап немесе Шалқар станциясы тиіп тұр. Осы екі аралық жалғанса Қазақстанның оңтүстігі солтүстігімен, солтүстігі батысымен, одан өрі шырысымен тоғысар еді.

Кенжеғали Сағадиев: Болашақ темір жол құрылышының жалпы құны 245 миллион АҚШ доллары шамасында деп жобаланып отырған көрінеді. Инвестор табылып, жол құрылышы басталар болса ол сегіз жылда аяқталмақшы екен. Балама жоба ретінде өзің айтқан ұсыныска да түсінікпен қараса артық емес. Мұнымыз біткен іс, келіскен жобаға төтеден қосылу, не кедергі жасау емес, қайта жетілдіре түсу мағнасындағы ізгі тілек, таза пифылдан туындастын үкілі арман. Айтты-айтпады, салынбақшы жолдың төте бағыты – Шалқар – Ыргыз – Торғай – Арқалық – Жезқазған – Қызылорда. Немесе, керісінше Қызылорда – Жезқазған – Арқалық – Торғай – Ыргыз – Шалқар. Шалқардан темір жолдың үлкен күре тамыры басталатыны белгілі. Бұлай жасаған жағдайда Қазақстанның көптеген елді мекендерінің бағы жанады, жоғарыда айтқан өндіріс орындарының ашылуы-

на, қарым-қатынасқа оң өзгеріс жасалар еді. Бұған жә дер кім, айту парыз.

Қоғабай Сәрсекеев: Біз әңгімелеп отырған өнірдегі ауыз су мәселесі өсте қиын. Халықтың қөшшілігі ашық, су көздерін пайдаланады.

Кенжеғали Сағадиев: Ауыз су жайы қай жерде де өзекті мәселе. Түрлі аурулардың шығуы да осыған байланысты. Мұны мен жақсы сезінемін. Қошалак, Тосын құмындағы жер асты суларының, Аманкелді ауданындағы Сымтас жер асты сұнының Торғайға жетпеуін аудан басшылығы қаржыға саяды. Рас шығар. Бірақ адам үмітпен өмір сүрмей ме. Ел Президентінің «Қазақстан 2030» атты Жолдауында ауыл проблемаларына орай біраз мәселелер қамтылған. Соның бірі осы халықты сумен жабдықтау және ирригация проблемаларын шешу ғой. Бұл 1998-2000 жылдар үрдісінің шаруасы. Демек, бұл, күн тәртібінде тұрған мәселе. Елбасы жорарыда аталған Жолдауында Үкіметке 1998 жылғы сегіз нақты тапсырма берді. Соның бір тармағында бір жыл ішінде кемінде аз қамсыздандырылған 30 мың азаматқа, бірінші кезекте ауылды жерлерде жұмыс орындарын құруға 3 жыл мерзімге 400 АҚШ долларына пара-пар

тенге көлемінде кіші кредиттер беру, шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға 100 млн. АҚШ доллары көлемінде кредиттердің берілуін қамтамасыз етуді жүктеді. Осыны халық пайдалануы керек.

Қоғабай Сәрсекеев: «2030» стратегиялық Жобада шаруа және фермер қожалықтарына арналған кредиттердің кемінде 2,5 млрд. теңгеге арзандатылуын қамтамасыз етуді міндеттейді рой.

Кенжегали Сағадиев: Ие, бұл зор көмек болар еді! Ендеше, ел азаматтарының қарманғаны жөн. Жұмыс жоқ деп қол қусырып отыру болмас, жекеменшік кооператив, шағын серіктестік ашсын, бригадалар құрсын, кредиттерін алсын, іс оңға басады. Бәлендей жерде ауыз суы нашар екен деп қаржы бөлген үкіметті өзір кездестірген жоқпыз, тіпті аласы екеш аласы да өз баласына жыламаса тамақ бермейді, бұл да сол сияқты нәрсе.

Қоғабай Сәрсекеев: Жолда жүйелі әңгіме болмайды, кейде бірді айтып бірге кетіп жатырмыз, әйткенмен бәрі керек, ойда жүрген шаруа, елге түсінікті жұмыс. Қайсысы жүзеге асады – талан біледі.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай төңірегінде қордаланған мәселе аз емес, реті келгенде біздің тарағымыздан бұл проблемалар тиісті орындарға, қолында билігі бар ел азаматтарының алдына тартылып та жүр, тетігі қашан табылар – оған уақыт төреші. Әйтсе де айту парыз, мұны жүрт алыста жатып айғайлағандары несі деп үқпай, жан ашығандық десе дұрыс түсінгендігі деп ойлаймыз. Шыңғыс Айтматов айтқандай, туған жерді сую дегеніміз – өмір бақи өз жерінде байланып қалу емес. Онда біз ақпайтын судай бір шұқыршақ аясында, әлемдік даму мен өркениеттен мұлдем алыс қалған болар едік. Дүниенің бәрі салыстырмалы. Туған жер марқайса өзің де бақыттысың, осы реттен де жол әңгімесінде әр нәрсенің – елге байланысты көп жайдың басы шалынды, шешіліп жатса құба-құп.

Қоғабай Сәрсекеев: Елге де келдік.

Кенжеғали Сағадиев: Сағынышынды басар – туған жер – темірқазық мекенде кең демаласың. Сен жігіттердің, жігіттер сенің құшағыңа сиып кетеді. Мұнда бәрі таныс, бәрі жарасымды-ау... Бір ғажабы – елдің рухы жоғары, өткелен қезеңдің қыындығын жеңе бастаған... Кәрімжан, Сапабек, Габжәлел,

Орекен, Айтжан, Әмірхан, Кәкімжан, Ра-
хымжан, Фабдыуақит, Жолдыбек, Жар-
қынбай, Ибрагим, Тұрсынбек, Отар,
Мәлік, Есқали, Қалы, Шымберген,
Қарағұл, т. т. бұрыннан таныс, сыйлас,
жора-жолдас, сыныштас достар, Жақ-
сылық, бастаған ел басқарушы жас
жігіттер құшағына ендік. Келген ша-
руа аясында, ойға алып келген жұмы-
сымыз да орындалып жатты. Аруақтар-
ға арнап ас бердік. Туған-туыс, ілік-жілік,
өлген-жіткеннің орнына кіріп шықтық.
Осының бәрі көнілде жүрген бір түйткіл
еді фой, жуылып шайылды. Қадыр ақын:

Келмейсің деп өкпелейді туыстар,

Біттей жатса мұндағы көп жұмыстар,—
дегеннің бәрі ұмыт.

Қоғабай Сәрсекеев: Иә, көніл
орнықты! Қазақтың әр жері – тұтас
өңірі тұнған тарих. Әйтсе де Торғайда
тәу революция бастау алды, бұл – Ке-
несары жортқан атырап, Аманкелді –
төңкеріс жасаған аймақ, Ахмет Байтұр-
сынов пен Міржақып Дулатов – дүние-
ге келген жер, партия тарихында
тұңғыш рет аудандық партия
комитетінің бюросы тараған ел ретінде
Торғай тарихта қалған өлке. Осы өнірдің
бүтінгі келбеті қандай әсер етті?

Кенжеғали Сағадиев: Бәрі тосын.

Рас, анада Ахаң мен Жаңаң тойына қатысқанымда – көпшілікпен жүріп көп жайды аңғарамапсын, онда маған Торғай аспан астындағы ашық музей сијакты боп көрінген. Таңырқап қойып едім – қалай өзгерген деп. Бір жылда сонда 250-ге тарта үй салыныпты ғой, бәрін Қостанай салып берген. Басшылар: – Осыған ұйтқы болған еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! – деді. Нұрекең Торғайда болғанда ескі қаланың көне үйлерін көріп, халықтың жағдайымен танысу үстінде Қостанай облысының сол кездегі әкімі Николай Трифонович Князевке арнайы тапсырма беріп, облыстың әр шаруашылығы Торғайға барып, тегін бір-бір үй салып берсін, деп жүктеген екен. Обалы не керек, шаруашылық, басшылары бұл іске түсіністікпен қарап, Президенттің бастамасын іліп әкеткен де бас аяғы бір жарым жылдың ішінде Торғай жаңарып қалған. Бұған Н. Князевтен кейін облыс әкімі Кенжебек Укин де үлкен үлес қости. Көмек деп міне, осыны айту керек! Нақты көмек! Өкінішке орай, Президенттің әр тапсырмасы осылай орындала бермейді ғой, әйткенде біз қалай ілгері жылжыр едік!

Қоғабай Сәрсекеев: Өте орын-

ды айттыңыз, Торғай жұрты Елбасына дән риза. Эйтсе де үйді қанша жерден асарлап салғанмен де Торғайдың бұрынғы сөuletті құрылыс жобаларын сақтау керек еді. Торғайдың сөulet ерекшеліктері бұзылғандықтан ба, бала кездегі көз үйренген айшықтардан адасып қаласың. Торғайдың көшелері атқан оқтай түзу келетін. Қазір көшелер қисық-қисық, Баяғы Пионер көшесі бөлініп қалыпты. Көшениң нақ ортасында мешіт тұрғызылған. Ансамбльдік шешім жоқ. Құрылыс мектебі дейтіннің орнына кафе салынды, біз төңіректейтін клуб үйі бұзылған. Бұрын соны саудагер Якушевтің дүкені деуші еді. Үбырай мектебінің ескі өз жобасы сакталуы қажет-ақ, еді, ол да ойластырылмаған. Жоғары жақта аурухана, қызыл түрме, наубайхана, интернат үйі, ағаш қойма, Аманкелді штабы, Орталық аландағы үлкен қоңырау, жер кіндігі делінетін темір құбыр, сөнді көпір – бүтінде соның бірі жоқ, әлгі «адасып қаласың» деуім осы реттен. Мұным менің «біткен іске мінші көп» дегендік емес, қаланы қайта жобалауда есте болатын-ақ, жайт ретінде айтқан құлаққағыс шікір.

Кенжеғали Сағадиев: Оның есесіне Торғайда музейлер көбейіпті.

Бұрын жалғыз өлкетану музейі бар-
тұрын, кейде ол музейді Аманқелді
музейі деуші едік...

Қоғабай Сәрсекеев: Кейін сол
жалғыз музейге де зар болып қалмап па
едік, мен сол әбден қолды болып сілікпесі
шыққан музейдің жоғын жоқтап Рес-
публикалық мерзімді баспасөз беттерінде
әдденеше рет мәселе көтердім. Енді міне,
шүкіршілік, бір Торғайда жеті-сегіз
музей бар. Бұл дегенің зор байлық!

Кенжегали Сағадиев: Торғайдың
іргетасы 1845 жылы қаланды деп жа-
зылып жүр. Меніңше бұл бер жағы.
Дуан тарихын Шақшақ Жәнібектен ба-
стасақ 300 жылдан асады. Тым алысқа
шегінсек Торғайға қатысты оқиғалар
тізбесі бастаудын сонау XVI ғасырдан
алады. Бұл туралы дерек қазақ ханды-
ғының негізін салушылардың бірі,
Жәнібек ханның немересі Абдолланың
1532 жылы мамырдың 19-22 жүлдышын-
да Торғайдан Ұлытауға қарай өткенін
жазады. Кейінгі сызбаларда да Торғай-
дың жағырафиялық, кескіні алыстан-
туседі. Бұған 1627 жылы А. Мезенцев
жасаған «Ұлкен сызба кітап» пен ағыл-
шын тарихшысы А. Краусстың «Азия-
дағы Ресей» (1899 ж.) дейтін еңбегі және
басқа да туындылар айғақ. Егер ақын

Фафу Қайырбеков:

Көшелер құргақ өзен арнасындаі,

Қала едің кәрі шуда нар басындаі.

Ішіне оқиғаны тиеп-сықап,

Тарихтың қойып кеткен арбасын дай, —
десе, жөні бар. Ал мұндай көне орында
музей мұражайларының болуы заңды
құбылыс. Соңдықтан Торғайда музей
көптік етпейді, тек соны үқыптылық-
пен сақтай білуге үйренсек, мұрат әне,
соңда! Осы ретте Торғайға бұрыңғы
қала атын қайтарып беру жағын тиісті
орындардан сұрау керек. Тіпті патша-
лық Ресей тұсында да Торғайдың қала
аты, өзінде таңбасы болған — 1878 жылы
бекітілген заңды белгісі бар, деректер
жетеді.

Қоғабай Сәрсекеев: Орынды шікір.
Торғайдағы Ахаң мен Жақаңның, Шақ-
шақ, Жәнібектің, Әліби Жанкеledиннің,
Нұрхан Ахметбековтің музейлеріне қоса.
Шиліде Қайнекей Жармағамбетовтің,
Тәуіште Шеміл Мұхамеджановтың,
Қарасуда Ахмет Байтұрсыновтың, Қыз-
белде Міржақып Дулатовтың, Ақшыға-
нақта Кеңшілік Мырзабековтың мұра-
жайлары жұмыс істейді. Милісай, Би-
дайық, Ақкөл, Аралбай және Көгалат
ауылдарында Еңбек даңқы бөлмелері
дүниеге келген. Осындағы игі істерді

тәрбие басы деу орынды шыгар.

Кенжеғали Сағадиев: Дәстүрлі елдің өнегесі жақсы, мұндай ұмтылыстарды қолдап, қуаттаса болады.

Қоғабай Сәрсекеев: Осы жұмыстардың басында бір кезде аудан әкімі болған Жақан Қосабаев жүрді, халықты жұмылдыра білген жігітті аттан түсті демейік, тақ-тайранақ, бақ-ұшқалақ, рас, пенде қателеседі, тергенге терім жеткенмен «өзіңнен тумай ұл болмас, құлағын кеспей құл болмас» деген сөз астарын түсінуге тиістіміз.

Кенжеғали Сағадиев: Айтпақ ойынды ұқыттым. Жоғарыда «Торрайдың бюросы» тарады деп кеттік, бала да болсақ білеміз, естиміз, Мусин деген аупарткомның бірінші хатшысы еткен. Бюро осы кісінің тұсында тараған. Жұрт әртүрлі айтады, бюро мүшелері аудандайты колхозды бөліп алған деседі, мұндайда әрине жікке бөлінері қақ қой. Ақырының жырың-жырың көбейіп, сөз өсіп, ауданың бюросы тарап тынышты. Бюроны таратқан мәжіліске облыстан Ілияс Омаров ағамыз келген көрінеді. Ілекең сонда қатты қинала тұрып, ұлағатты сөз сөйлепті дейді. Есте қалған жақсы башы ретінде халық Дәбен Бекешев есімін әлгі күнге дейін айтады. Ал, Жақан ел

азаматтарының ішінен шыққан тұнғыш бірінші хатшы-тын. Несін айтасың, аянбай еңбек етті, оны көзіміз көрді. Жүргілдеп қалай әңгіме айтады, сөз көп, тегі семіздікті қой ғана көтереді, асу-тасу деген пендеге тән деп жұбату бос көлгірсү, мен ондайға қосылмаймын, өзі тұзу кісінің көлеңкесі де тұзу, мәселе, адами қалыптан айнымауда. Жерге, жүзге бөліну кісінің ұсақтығын танытатын жайт, ондайдан бойды аулақ, салмаса адам шегінеді. Гәп сәтпен басталған істі ықыласпен жалғастыруда жатыр. Бұл ретте мен елдегі бауырларға сенемін. Осы сапарда мен олардың ауызбірлігін көріп қуанып қалдым. Жаразтық бар жерде мәнді өмір салты қалыптасады.

Қоғабай Сәрсекеев: Қын қыстау кезең болғанмен, мына нарық, мына өлшеулі ғасыр тоғысында тұрғанмен ел ажары жақсы. Кеңшілік ақын:

Бәрі өлшеулі,

Деміңе дейін өлшеулі

Тағдырдың салдар- себіне дейін өлшеулі,

*Жаялық – құндақ, тал бесігің де
өлшенген,*

*Жастанар құйттай жеріңе дейін
өлшеулі, –*

десе, мына жарық дүниеге қарап айтқ-

ан фой. Соңдықтан өлшеулі мына өмірде сыйласқанға не жетеді. Откеннің атын өшірмеу бұл елдің салты екенін байқаған боларсыз. «Топжарған» стадионындағы рәсімді айтпайсыз ба? Биылғы ұрпақтар бірлігі мен сабактастырылылы шеңберінде және қазақша күрестен Орта Азия мен Қазақстанның абсолютті чемпионы Таңатқан Дүйсекеевтің 100 жылдығына орай Торғай ауыл-село жастарының XI-ші «Топжарған – 99» спартакиадасында аталмыш стадионға атақты палуаннның есімі берілді. Жерлестерінің бұл құрметі даңқты спортшыға деген зор ылтифат емей не. Мұның аты – өткенді елеу. Соның және бір көрінісі мешітте өтті фой. Мұхамед пайғамбардың тұған күніне орай ұйымдастырылған «Мәурет күні» Торғай мешітінде қалай өспеттелді. Ата-баба рухына ас берілді, аруақтарға бағышталып құран оқылды.

Кенжеғали Сағадиев: Дүғаның ішінде болдық, қаншама арғы-бергі өткен азаматтардың аты аталды – аруақтар бір аунап түскен шығар, сауабы жаратқаннан, Фазиз қажы мен мешіт имамы Шоқан жақсы-ақ, дайындалыпты, бәрі ұйымдастқан түрде өтті. Бәлкім Торғайды мешітке жұрт сұранысына

орай Оспан қожа атын беру де орынды шығар, көпшілік алдында айтылды.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұл пікір де көптен айтылып жүрсе керек. Атақты әулиенің атын берген артық емес қой. Бәрінен де ел ішінің берекесі қуантады. Халықтың беталысын көріп, мына өтпелі кезеңнен қалай шығудың жолын қарастырып жатқандары сүйсіндірді. Әттең қол қысқа, көз көрді. Жанаржагармай тапшылығы ел қадамын тұсап тастапты. Және мұның бағасы ұшып-ақ тұр. Қарапайым халықтың қалтасы шыдар ма бұған? Фермер Кәрбозов Кәкімжан «аз-мұз тапқанымыз салық-пен кетеді» дейді. Шалғай жердің салық нормативін реттеу де басты мәселе. Жеңілдік бұл өнірге аса қажет шаруа, құлақ асатын нәрсенің бірі осы!

Кенжеғали Сагадиев: Таптаурын болған әңгімeden ештеңе шықпайды. Талтаңдай басып, қамсыз өмір сүретін дәурен өткен. Көке-өкімет жоқ. Енді Ата Заңың аясында әркім, әр ұжым өзі аянбай еңбек етуі керек. Бұл жалған үтіт емес, нақты кеңес. Осында жайларды мен әркез жазған-сызған еңбектерімде баяндай жүрем. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Алашорда: орташа жайды қайтіп орнықтырамыз»

дейтін материалымда Ахмет Байтұрсынов пен алашордашылардың экономикалық, көз-қарасы сөз болады. Біраз түйінді мәселелерді сонда айтқанмын. Өткен жылы «Қазақстанда жүріп жатқан реформаларға сараптық көзқарас» атты монографиям шықты, экономиканы тиімді дамыту жолдары туралы біраз шікір айтылды. Қазір жұрт сауатты, оқи жүрсе көңіл бөлетін мәселелер бар сияқты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақында Үкімет үстіміздегі жылдың бірінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды талқылаған қорытындысын шығарды. Есепті оқып отырып таңқаласың. Мысалы: «Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту үшін алда әлі де көптеген жұмыстар атқару керек. Бұл мәселелер жөнінде Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасы бар. Онда қандай шараларды жүзеге асыру керек екендігі нақтыланған», деп, кете барады. Осы жерде заңды сұрақтар туындаиды. Мәселе неге нақты қойылмайды. Көптеген жұмыстар деген не? Қандай бағдарламаларды айтып тұр? Нендей шаралар жүзеге асуы керек еді? Орынданамаған кім? Жұртқа 600 миллиондай еңбекақы төленбесе, кейбір ауыл-

дағы отбасылар 1997 жылдың жәрдема-
қыларын алмаса бұған кінәлі кім? Жалаң сөз, жалпылама есеп деген осы! Жүртты және бір қинайтын мәселе – шағын қалалар төңірегіндегі түрлі әңгімелер. Жоғарыда айттық, бұрынғы облыс орталығы болған Арқалық, қаласының тағдыры тұрғындарды көп мазалайды. Рас, қаржы аз шығар, бірақ осындағы негізсіз жабылып қалған өндіріс орындарын қайта ашып, соны жандандыруға не кедергі бар. Құдай біледі деп айтайын, мұндағы өндіріс орындарын жабуға жоғарыдан нұсқау болмағаны көнік, меніңше ұйымдастыру жағы кемшін болған сияқты. Басқару жағында олқылық орын алған. Нәтижесін көріп отырсыз, жүрт жұмыссыз қалған. Осылай отыра берсе қала мұлдем азып-тозады фой.

Кенжеғали Сағадиев: Үкіметтің шаруасына мен төрелік айта алмаймын. Қай салада да ойласар іс жоқ емес. Бәрі қаржыға қарайды. Айт-айт, әр тетік өз дәрежесінде жұмыс істесе, гәп сонда. Шағын қалалардың тағдыры қын екені рас, Арқалықта болғанымызда бәрін көз көрді, меніңше Арқалық сияқты қаланы ұстап тұру үшін арнайы бағдарлама керек. Ол бағдарламаны мемлекеттік

деңгейде бекітіп, жүзеге асыра алсақ ұтамыз. Жерлестеріміз қыншылықтан қорықпай шағын және орта өндіріс орындарын өздері талаптанып ашсын, оған ешкім қолбайлау жасамайды.

Қоғабай Сәрсекеев:

Қайтер дейсің қарабастың толғагы,

Тек жұртыйыз курсінбесе болғаны!—
деп, Мұқағали Мақатаев тегін айтпаған. Ел еңсесін көтеру ортақ шаруа! Шыны керек, кейде ез басқарған елді көріп кіжінесің! Ұйымдастыруышының нағыз нокта аға болмаған жерде, бағыттаушы басшы істің ігітін білмесе қай шаруа онға басады? Қара тер еңбектің тұзы сор бол кететіні осындаидан. Қазір құлқы қозып, кенезе кебетін кезең бе, Ел басы тағайындаған әкімдер көрінген жерде аққа шашалып, қараға қақалып жатса бұл не? Осыны Ел басынан бастап айтады, қазір тіпті Үкіметіміздің өзі өзара іштей ая-шая деседі, осының бәрі ненің салқыны? Қашан түзелеміз?

Кенжеғали Сағадиев: Жауапты жұмысқа ұстаса етегі, жексе жетегі бар тектіні тартқан абзал дегенің рой, сүйеу балдақтыдан іскер шықпайды, баяғыда «істің тетігін кадр шешеді», дейтін ұран болатын, айтты айтпады, білгір кадр бүгін де қажет.

Қоғабай Сәрсекеев: Иә, солай, әйтпесе, бұлғақ көбейіп кетті. Мәселе шешетін орындарда ерте ағытқан құлын, ерігіп орағытқан қу, озандатқан құлқын иелері топталса бұл жақсы емес-ақ, іске зиян.

Кенжеғали Сағадиев: Төрге отыра алмас «төрелер» топталған жерде имандылық, жоқ. Бұл ашы да болса шындық. Үйде де, түзде де, барлық деңгейде айтылып жүрген әңгіме. Бүтінгі күннің басты міндеті – экономиканы өркендету мен сыйбайластыққа қарсы күрес! Осы реттен де болар, күні кеше Елбасы Н.Назарбаев Үкіметке тағы да он тапсырма жүктеді. Ендігі мақсат осы тапсырманы нақты орындауда деп білем. Істе нәтиже болу керек.

Қоғабай Сәрсекеев: Бізде оппозициялар мен түрлі қозғалыстар жеткілікті, оларға қалай қарайсыз?

Кенжеғали Сағадиев: Оппозиция деген болуы керек, бірақ халықты ірітетін оппозицияның керегі жоқ, біріктіруге үмтүлса жүрек жылиды. Ақылды қозғалыстарға үйыймын, бетпақ жиыннан алыс жүремін.

Қоғабай Сәрсекеев: Қазақстанда демократия бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Бар демок-

ратияны барынша дамыта тұсуіміз керек. Дамытқанда жақсы демократияны дамыту керек, мемлекеттік демократия жасау үрдісіне үмттылған жөн. Ресей демократиясының тәлімі аз, онда жаман ұлгілер көп. Жириновскийлердің «демократиясы» қатерлі. АҚШ демократиясында үңілетін тұстар бар. Демократия дейтін ауа жайылу емес және оның кесіп айтатын ережесі жоқ, дами беретін процесс.

Қоғабай Сәрсекеев: Қай партияға мүшесіз?

Кенжеғали Сағадиев: Еш партияда жоқпын.

Қоғабай Сәрсекеев: Сонда да біздегі көп партиялардың біреуіне бүйрекіңіз бұратын шығар?

Кенжеғали Сағадиев: Бүйрек өзімдікі! Ешқайда бұрганын әзір сезген емен. Өмір көрсетеді...

Қоғабай Сәрсекеев: Үлкен ғалым, ғұлама ұстазсыз. Фылым жолы қыын жол рой, осыған қалай келдіңіз?

Кенжеғали Сағадиев: Бұл үлкен тақырыш, фылым — менің өмірім. Сондықтан бұл әңгімені кейінге қалдыра тұрган жөн шығар. Фылым жайында жол-жөнекей айтуға болмайды. Фылым — киелі!

Қоғабай Сәрсекеев: Қабылданбақшы жер заңына байланысты пікірінде білдірсеңіз. Бұл тақырып бүтінде аса өзекті мәселе боп түр ғой.

Кенжеғали Сағадиев: Өз пікірің қалай?

Қоғабай Сәрсекеев: Заң керек. Жер заңмен қорғалуы әбден дұрыс. Бірақ қалай, оны ойласу жөн. Жер – халық меншігі! Осы тұста Олжас Сүлейменовтың айтып жүрген пікірінде негіз жоқ емес, оның Үндеуін негізге алу артық болмас. Қалай дегенмен де, Жер сатылуға тиісті емес, Жер – қазақтікі. Қазақ қазақ болғалы осы қағиданы дұрыс ұстанып келген, қорғай білген. Жаңа ұрпақ, бабалар өсиетіне адал боп өссін десек мұны өсте естен шығаруға болмайды.

Кенжеғали Сағадиев: Ойыңды түсіндім, көкейге қонады. Жер туралы Заңға байланысты пікірімді таяуда Президент қабылдауында болғанда Нұрекеңе де айттым. Баспасөз, теледидар арқылы да айтып журмін, бәрі рас, жер – халық байлығы, ел – қазынасы. Оны саудаға салу – күшірлік. Күпірлік екі дүниада да күнө! Біле тұра ендеше күнәға неге батамыз? Жер сатып байымай-ақ, қояйық, ата-баба аруағы

мұнымызды кешпейді. Сатқан күнде жеріміз өз қолымызда қалуына да үлкен күмәнім бар. Жерді сатып алу үшін ұлттық қорымыздың аздығы, ағайындарымыздың қалтасының таяздығы баршаға мәлім. Жер – қазақтың бір аты! Жерден айырылсақ ұлттығымыздан айрыламыз, мемлекеттігіміз де негайбіл. Олай болса, Жер саудаға түспеуі керек. Екінші бір мәселе – жерді өңдеу, оны тиімді пайдалану, күту жағына келгенде салақтығымызды несіне жасырамыз. Міне, бұл – мін. Жер емшегін иіте білуді үйренсек ұтар едік. Бар байлық – жerde. Таудағы бір әңгімеде осындай жағдайлар Президентімізді де қобалжыттынын байқадым. Жаңа Парламент осыны мықтап түсінсе ғана халық, сенімін ақтайды. Жерінен айрылған ел азады, халық тозады. Мұны сонау ертеден қазақ зиялышары айттып келеді. Ахмет Байтұрсынов «Бүкіл жерімізді меншігімізге алып, өзіміздің дәстүрімізбен өмір сүрейік!» десе, бұл сөз бүтін де күшін жойған жоқ. Жаңа ғасыр есігін адал ашайық!

Қогабай Сәрсекеев: Әумин!

Кенжегали Сағадиев: Осы сапарымызда ел бізге зор құрмет көрсетіп, мәжіліс шешімімен екеумізді де «Тор-

гайдың құрметті азаматы» атады, қатар көше аты берілді.

Қоғабай Сәрсекеев: Жерлестер құрметіне әрине зор рахмет айтудың орынды. Фұмыр жетсе ел сенімін ақтаң өтерміз – бұл біздің перзенттік парызымыз. Туған жерге қадірі бар адам – бақытты.

Кенжегали Сағадиев: Ел азаматтарына рахмет! Өңкей бір жігерлі жігіттер – әттең қол қысқа, әйтпесе көсілгісі-ақ, келетінін байқадың ба?! Жақсылық, Мақсұт, Қадыр, Кәрімжан, Рақымжан, Ибрагим, Жолдыбек, Тұрсынбек, Фабдыуақит, Жарқынбай, сенің нағашың Қәкімжан.. неден аянғысы кеп түр...

Қоғабай Сәрсекеев: Бұған Орекен, Айтжан, Сапабек, Фабжәлел, Шымберген, Отар, Мәлік, Есқали, Қаба, Құсайындарды қосыңыз.

Кенжегали Сағадиев: Айтыс ақыны Отар Нұрманғалиев, Бөпіш апай, мұғалім Фалымбек Әбілқайыр, Нұрхан Ахметбеков атындағы Мәдениет сарайында өнер көрсеткен талантты жастар, Арқалықтағы Қосылған Күзембайұлы бастаған жігіттер ықыласы бәрі жақсы әсер қалдырды.

Қоғабай Сәрсекеев: Өнерлі елдің

өрісі кең. Кәрімжан қалай сөз сабақтайды. Топ алдында Орекен мен Айтжан қалай көсілді, Кәкалатта Кәкімжан қандай өрелі мәселелерді алға тартты, Фабжалел ағамыз неткен шешен, аратұра ғана сөз қосып қоятын Сапабек бауырымыз, аудандық Мәдениет бөлімінің бастығы Фалибек Бейсенбаев өнері ше – көңіл өсірді! Бәрін айт та бірін айт, ағайын ықыласы бір бөлек – ел аман болсын, ауыл – азаматтарымен көрікті!

Кенжеғали Сағадиев: Біз жол үстінде келеміз. Бағытымыз – Алматы!

Қоғабай Сәрсекеев: Үлкен жолға түстік. Жол үстінде кісіге түрлі ой келеді, өмір ағысы неткен жылдам. Жаңа – XXI ғасыр есігін ашар уақыт та тақау қалышты-ау, күн шығып келеді, ғасыр тоғысы сәтті болғай, ағайын!

(«Егемен Қазақстан»
17 тамыз 1999 жыл.)

жадаң соң ының көзіндей дәк ішкі
табағанда оның көзінде ынтымалы болып көздейді. Атташесінде дүлкөй риелік Нұр-
жеттің тәле нұсқасын әзгерту көзделді.
Она оның көзінде көздейді. Негізде көзінде көздейді.
Дүлкөйдің жадаң соң ынтымалы болып
көздейді. Атташесінде дүлкөй риелік Нұр-
жеттің тәле нұсқасын әзгерту көзделді. Түбір-
жеттің көзінде көздейді. Атташесінде дүлкөй
Нұржеттің тәле нұсқасын әзгерту көзделді.
Атташесінде дүлкөй Нұржеттің тәле нұсқасын
көздейді.

Теруге 27.09.99 ж. жіберілді. Басуға 05.10.99 ж.
қол қойылды. Пішімі 70x90^{1/32}. Қағазы оффсеттік.
Каріп түрі «Балтика». Оффсеттік басылым. Тарапы-
мы 1000 дана. Келісімді баға.

«GAUHAR» ФОПБК ЖШС, 480002, Алматы қала-
сы, Жібек жолы көшесі, 47 үй.



Кенжегали Өбенұлы Сагадиев 1938 жылы акланның 18-інде Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Үзбек ауылында туған. 1945–1947 ж. Қостанай облысы, Жангелдин ауданының Шептікел бастау мектебінде, кейін Торғайдагы Ы.Алтынсарин атындағы біртакта мектебінде, 1951–1955 ж. Қостанай облысы Семиозер ауданының №1-Семиозер орта мектебінде оқып, күміс медальмен бітірді. 1955–1960 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті экономика факультетін үздік дипломмен бітіріп шықты. 1963–1966 ж. Г. Плеханов атындағы Москва халық шаруашылық институтында аспирантура сыйнада оқыды. 1966 ж. осы институтта экономика ғылымдарының кандидат дарежесін алу үшін диссертация қоргады. 1977 ж. экономика ғылымдарын докторлық дарежесін алу үшін Г. В. Плеханов атындағы Москва халық шаруашылық институтында "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету" экономикалық тиімділігін арттырудың проблемалары" деген тақырып диссертация қоргады. 1978 ж. профессор ғылыми атагын алды. 1989 ж. Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1994 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (академик болып сайланы). 1994 ж. Америка ғалымдары ассоциациясының (АИ) мүшелігіне, 1996 ж. Нью-Йорк академиясының (АКШ) мүшесі, 1997 ж. Ҳалықаралық жогары мектеп академиясының академигі болып сайланы. 1960–1963 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының асистенті, ага оқытушы 1973–1982 ж. Алматы халық шаруашылық институтында оку жұмыста проректоры, 1982–1990 ж. Целиноград ауыл шаруашылық институтында ректоры болып қызмет аткарды. 1994–1996 ж. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, Қазір Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінде ректоры болып жұмыс істейді. К. Ә. Сагадиев түрлі мемлекеттік наградаларымен марапатталған.



Когабай Сатенұлы Сарсекеев – қазақтың белгілі жазушысы. Ол 1939 жылдың 1-ші сауірінде Қостанай облысынан Жангелдин ауданы Торғай селосында туған. Торғайдагы Ы.Алтынсарин орта мектебінің түлегі. 1963 ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде бітірген соң Республикалық "Қазақстан" ғылыми-литературалық "Социалистік Қазақстан", "Қазақ адебиаті", "Кітап жарышы" – "Друг читателя" газеттерінде адеби қызметкіш болып мөндершүсісі, жауапты хатшы, бас редакторы, "Жалын" баспасының бас редакторы, Республикалық "Қазақстан" бірлестігінің бас директоры, Республикалық кітаптар атапташылар ассоциациясының президенті, қызметтерін үткәргендегі "САҚ" акционерлік қоғамының президенті болып жұмыс істейді. Сарсекеев К. С.-қолтеген прозалық, кітаптар шыгарған автор. Ол танымал баспагер, білікті полиграфист маман. Когабай Сатенұлы Сарсекеев – Қостанай Торғай қалаларының құрметті азаматы, Б. Майлин атындағы адеби сыйлықтың Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, Халықаралық әкпараттық академиясының академигі.